

Н. Ж. Қожамжаров, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮДАҒЫ ІІО ТАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

Аннотация. Қазіргі заманда әлемнің түкпір-түкпірінде саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты жаппай тәртіпсіздіктердің орын алуына орай Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Қазақстанның ұлттық негізгі мақсаттарының бірі болып қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтарды алдын алу, күзетілетін объектілерді ғимараттарды қорғау ең бастысы тонаушылықпен адам өліміне жол бермеу мақсатының маңыздылығы.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, бұзушылық, төтенше жағдай, объектілер, территориялды, құқықтық, өрт, зардап.

Мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Қазақстанның ұлттық негізгі мақсаттарының бірі болып қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтарды алдын алу, күзетілетін объектілерді, ғимараттарды қорғап ең бастысы тонаушылықпен адам өліміне жол бермеу және қорғау. Бүгінгі күнде мемлекет төтенше жағдайларды жою және оның зардаптарын жұмсартуын анық бағалау қажет.

Алайда, соңғы жылдардағы төтенше жағдайлар дәлірек айтсақ қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтар жайлы статистикалық мәліметтер айтарлықтай. Қазақстан Республикасында олардың саны мен көлемінің мемлекеттің тұрақты дамуына, тұрғындардың қауіпсіздігіне, экономикалық объектілерге және қоршаған ортаға аса қауіпті екендігін көрсетіп тұр. Біздің мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси және тағы басқа процестерге төтенше жағдайдың ықпалының ауқымдылығы мүмкіндік берген деңгейден әлдеқайда асты, сондықтан қоғамдық құрылымдардың ырғақты жұмыс істеуіне кедергі жасауда. Бұдан мемлекетке және қоғамға төтенше жағдайды жоюдың және оны алдын алудың жүйесі мәселесінің ұзақ мерзімді өзектілігін байқаймыз, сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды аспектіні құрайды, оны жүзеге асыруында ІІО үлкен рөл атқаруда.

Осыған сүйене келе, қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтарды, шаруашылық субъектілерінің объектілерін және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында саясаттың басты бағыттары алдын ала қорғау шараларының күшейтілуіне және жергілікті және территориялды деңгейдегі төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюының ары қарай дамуының мүмкінділігіне бағытталуы керек.

Бұл бағыттар негізінен территорияны және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін лауазымды адамдардың рөлі мен жауапкершілігінің жоғарылауын талап етеді.

Біздің ойымызша, еліміздегі қазіргі заң шығару және нормативтік заңдар базасында жаңа экономикалық шарттар және заң аспектілері толығымен ескерілмеген. Алайда, қоғамдық тәртіпті топтасып бұзушылықтар әлі де жалғасуда. Сонымен қатар өндірістің тұрақты, әрі қауіпсіз жұмыс істеуін, әсіресе қауіпті болуы мүмкін объектілердің жұмыс істеуіне жауап беретін жетекшілердің жауапкершілігін арттыру. Бұдан басқа, Қазақстан аумағында территориялды аспект төтенше жағдай қатерінің төмендеуі және оның зардаптарын жұмсартуы маңызды орын алуда. Территориялды қауіпсіздіктің негізіне, бізге көрсетілгендей, жалпы қазақстандық өлкелердің ерекшеліктерін есепке алуы шарт. Сонымен бірге, тұрғындардың және экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайдың түрін анықтау, оның қауіп-қатерін төмендету және апаттардың, өрттердің, зілзалалардың әсерінен болған зардаптарды жұмсарту, қызметтердің даярлық деңгейін жоғарылату, төтенше жағдайларды ескерту мен алдын алудың мемлекеттік жүйесі (ТЖМЖ) құрылуы міндетті түрде территориялды деңгейде шешілуі тиіс.

Төтенше жағдайларды жоюдағы ПО қызметінде құқықтық реттеудің жетілуіне ұсыныс жасау.

Негізгілерінің бірі болып ведомстволық құқықтық реттеудің жетілуіне ұсыныс жасауы табылады.

ПО төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатысуындағы күші мен құралдарын территориялық деңгейде басқарудың факторлары.

Негізгілері:

– ПО-ң басшыларының арнайы даярлығы, ең бірінші бастықтары және олардың орынбасарларының даярлығы, себебі, оларға қоғамдық тәртіпті қорғау және қамтамасыз ету және экстремалды жағдайларда құқықбұзушылармен күрес жүргізу арнайы жұмыстарды өткізуге жауапкершілік салынған;

– басқару органының даярлық деңгейі және төтенше жағдайларда жұмыс істеу қызметтерінің даярлықтары;

– ПО-ң бөлімшелері мен қызметтерінің өзара әрекеттесулері мен атқарушы билік органдары мен оған қосымша берілген күштердің ара-қатынасы;

– жеке құрамның экстремалды жағдайда психологиялық және профессионалдық жұмысқа даярлығы.

ТЖМЖ құрылысы және түзілуінің заңдылық нәтижесі ескерту және төтенше жағдайларды жою аясында, бізге, қорғанысты қамтамасыз ету және территория мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді анық мемлекеттің саясаты ретінде сипаттайды.

Осыған сүйене отыра, мемлекеттік саясаттың басты бағыттары жеке тұлғалардың қауіпсіздігі аясында, қоғам мен мемлекеттің бағыты төтенше жағдайды жою нәтижелері бойынша жергілікті және территориялық деңгейде төтенше жағдайды жоюды қамтамасыз ету керек. Территорияны және тұрғындарды төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалардың рөлі мен жауапкершілігінің артуы — бұл бағыттың негізгі талаптарының бірі. Осыған орай есте сақтаған жөн, төтенше жағдайлардың көлемінің мемлекеттің тұрақты дамуына, тұрғындардың қауіпсіздігіне, экономикалық объектілерге және қоршаған ортаға аса қауіпті екендігін көрсетіп тұр. Біздің мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси және тағы басқа процестерге төтенше жағдайдың ықпалының ауқымдылығы мүмкіндік берген деңгейден әлдеқайда асты, сондықтан қоғамдық құрылымдардың ырғақты жұмыс істеуіне кедергі жасауда. Мемлекетке және қоғамға төтенше жағдайды жоюдың және оны алдын алудың жүйесі мәселесінің ұзақ мерзімді өзектілігін байқаймыз, сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін маңызды аспектіні құрайды, оны жүзеге асыруында ПО үлкен рөл атқаруда.

Төтенше жағдайлар жұртшылықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін және апат-құтқару немесе қалпына келтіру жұмыстарын қажет ететін жаппай тәртіпсіздік, табиғи апат, өрт, ірі өндіріс апаттары, апаттар, эпидемия, эпизоотия туындаған кезде болады.

Осындай жағдайларда Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ішкі істер органдары және ішкі әскерлері қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып келесі орнайы іс-шараларды ұйымдастырады және:

1. белгіленген қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қалпына келтіру және оларды демеуді;
2. жұртшылықты сақтау, шығындарды есептеу, адамдарды құтқару және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсетуді;
3. қараусыз қалған мүлікті қорғауды;
4. апат-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жәрдемдесуді жүзеге асырады¹.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы возникновения массовых беспорядков и пути их предотвращения на современном этапе.

Resume

In the given article are investigated the questions concerning with arising of mass disorder in the world community and the ways of their prevention on the modern stage.

¹ Төтенше жағдай туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңы.